

МЕМОРАНДУМ

между Таможенным комитетом Министерства государственных доходов Республики Казахстан и Таможенным департаментом при Министерстве финансов Литовской Республики о реализации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Литовской Республики о сотрудничестве и взаимной помощи в таможенных делах

Таможенный комитет Министерства государственных доходов Республики Казахстан и Таможенный департамент при Министерстве финансов Литовской Республики, в дальнейшем именуемые Сторонами,

руководствуясь Соглашением между Правительством Республики Казахстан и Правительством Литовской Республики о сотрудничестве и взаимной помощи в таможенных делах, подписанным в г.Астане 11 мая 2000 года (далее – Соглашение),

признавая, что своевременный обмен информацией, а также взаимная помощь и сотрудничество Сторон в соответствии с положениями Соглашения будут способствовать совершенствованию таможенного контроля обоих государств,

согласились о нижеследующем:

Статья 1

Стороны, в пределах своей компетенции и возможностей, обмениваются информацией и осуществляют меры по координации таможенного контроля в соответствии с положениями Соглашения и действующим законодательством государств Сторон.

Статья 2

Стороны несут ответственность за вопросы, связанные с реализацией Соглашения, включая обмен информацией и опытом в таможенных делах.

Статья 3

1. В соответствии со статьей 20 Соглашения Стороны уполномочивают руководителей своих подразделений, перечисленных в приложениях 1 и 2 к настоящему Меморандуму, являющихся его неотъемлемой частью, установить прямые контакты в целях оказания взаимопомощи.

2. Стороны незамедлительно извещают в письменной форме друг друга об изменениях в приложениях 1 и 2 к настоящему Меморандуму.

Статья 4

1. Информация в соответствии со статьями 3, 6, 7 и 8 Соглашения и ответы на запросы передаются как можно быстрее с тем, чтобы заинтересованная Сторона могла своевременно предпринять необходимые меры для обеспечения надлежащего соблюдения таможенного законодательства государств Сторон.

2. Такая информация должна быть передана в письменной форме. При необходимости может быть сделан запрос о письменном подтверждении сообщений, переданных по телефаксу, телексу и по прочим линиям связи. Ввиду срочности допускается передача информации в устной форме, однако она должна быть обязательно в последующем подтверждена письменно.

3. Согласно статье 8 Соглашения информация может быть передана на электронных носителях. Одновременно должны быть переданы все сопутствующие материалы, необходимые для толкования или использования этой информации.

Статья 5

Когда в соответствии с положениями статей 9 и 10 Соглашения должностные лица одной Стороны находятся на территории государства другой Стороны, они не имеют права выполнять процессуальные действия.

Статья 6

В случае принятия решения Сторонами об использовании метода контролируемой поставки наркотических средств и психотропных веществ в соответствии со статьей 5 Соглашения в каждом конкретном случае все практические вопросы, связанные с организацией и проведением контролируемой поставки, подлежат дополнительному согласованию между компетентными органами Сторон, ответственными за проведение таких операций.

Статья 7

1. Запросы, касающиеся точного исчисления таможенных пошлин и установления таможенной стоимости, согласно статье 7 Соглашения, направляются в тех случаях, когда речь идет о значительных суммах пошлин, налогов и других сборов, но не менее чем 5000 долларов США.

2. При необходимости приложенные к ответу на запрос копии документов заверяются соответствующим образом.

Статья 8

1. Представители Сторон будут встречаться не реже одного раза в два года для обсуждения вопросов по реализации Соглашения и настоящего Меморандума.

2. Стороны могут поручить их соответствующим подразделениям, по мере необходимости, проводить между собой рабочие встречи по текущим вопросам, входящим в их компетенцию.

Статья 9

Стороны будут взаимно признавать таможенные документы, таможенные пломбы, оттиски печатей, штампов и официальные знаки на транспортных средствах, грузах и почтовых отправлениях. Они будут обмениваться образцами таможенных документов и таможенных обеспечений, а также списками товаров, ввоз, вывоз или транзит которых через территорию государств Сторон ограничен или запрещен.

Статья 10

Настоящий Меморандум вступает в силу в тот же день как и Соглашение и прекращает свое действие на момент прекращения действия Соглашения.

Совершено в г. Вильнюс «4» апреля, 2001 года в двух экземплярах на казахском, литовском и русском языках, причем все тексты имеют одинаковую силу.

В случае возникновения разногласий в толковании положений настоящего Меморандума, Стороны будут обращаться к тексту на русском языке.

**За Таможенный комитет
Министерства государственных
доходов Республики Казахстан**



**За Таможенный департамент
При Министерстве финансов
Литовской Республики**



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Литва Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Кеден департаментінің арасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді іске асыру туралы

М Е М О Р А Н Д У М

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Литва Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Кеден департаменті, 2000 жылғы 11 мамырда Астана қаласында қол қойылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) басшылыққа ала отырып, Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптардың уақытылы ақпараттар алмасуы, сондай-ақ өзара көмек көрсетуі мен ынтымақтастығы екі мемлекеттің кедендік бақылауын жетілдіруге ықпал ететіндігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз құзыреттерінің және мүмкіндіктерінің шегінде Келісімнің ережелері мен Тараптар мемлекеттерінің қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес кедендік бақылауды үйлестіру жөнінде ақпараттар алмасады және шараларды жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар кеден істеріндегі ақпараттар мен тәжірибе алмасуды қоса алғанда, Келісімді іске асыруға байланысты мәселелер үшін жауапты болады.

3-бап

1. Тараптар Келісімнің 20-бабына сәйкес оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Меморандумның 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген өз кеден қызметтері бөлімшелерінің басшыларын өзара көмек көрсету мақсатында тікелей қарым-қатынас орнатуға уәкілеттендіреді.
2. Тараптар осы Меморандумның 1 және 2-қосымшаларындағы өзгерістер туралы бір біріне жазбаша нысанда кідіріссіз хабарлайды.

4-бап

1. Келісімнің 3, 6, 7 және 8-баптарына сәйкес ақпарат пен сұрау салуларға жауаптар мүдделі Тараптың Тараптар мемлекеттері кедендік заңнамасының тиісті түрде сақталуын қамтамасыз етуге арналған қажетті шараларды уақытылы қолдануы үшін мүмкіндігінше тезірек беріледі.

2. Мұндай ақпарат жазбаша нысанда берілуі тиіс. Қажет болған жағдайда телефакс, телекс бойынша және басқа да байланыс желілері бойынша берілген хабарламаларды жазбаша растау туралы сұрау салу жасалуы мүмкін. Тығыз-таяндығына байланысты ақпаратты ауызша нысанда беруге жол беріледі, алайда, ол кейін міндетті түрде жазбаша нысанда расталуы тиіс.

3. Келісімнің 8-бабына сәйкес ақпарат электрондық тасымалдаушыда берілуі мүмкін. Бұл ақпараттарды түсіндіру немесе пайдалану үшін қажетті барлық ілеспе материалдар бір мезгілде берілуі тиіс.

5-бап

Келісімнің 9 және 10-баптарының ережелеріне сәйкес бір Тараптың лауазымды адамдары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезде іс жүргізушілік әрекетін орындауға құқығы жоқ.

6-бап

Келісімнің 5-бабына сәйкес Тараптар есірткі құралдары мен психотроптық заттардың бақыланатын жеткізілімі әдісін пайдалану туралы шешім қабылдаған жағдайда, бақыланатын жеткізілімді ұйымдастыруға және оны өткізуге байланысты әрбір нақты жағдайдағы барлық практикалық мәселелер Тараптардың мұндай операцияларды жүргізу үшін жауапты құзыретті органдарының арасында қосымша келісілуі тиіс.

7-бап

1. Кедендік баждарды нақты есептеуге және кедендік құнды белгілеуге қатысты сұрау салулар Келісімнің 7-бабына сәйкес баждардың, салықтардың және басқа да алымдардың көлемді, бірақ 5000 АҚШ долларынан кем емес сомалары туралы сөз болған жағдайларда жолданады.

2. Қажет болған жағдайда сұрау салудың жауабына қоса тіркелген құжаттардың көшірмелері тиісті тұрғыда куәландырылады.

8-бап

1. Тараптардың өкілдері Келісімді және осы Меморандумды іске асыру жөніндегі мәселелерді талқылау үшін кемінде екі жылда бір рет кездесетін болады.

2. Тараптар өздерінің тиісті бөлімшелеріне, қажеттілігіне қарай, өздерінің құзыретіне жататын ағымдағы мәселелер бойынша өзара жұмыс кездесулерін өткізуді тапсыра алады.

9-бап

Тараптар көлік құралдарындағы, жүктер мен почта жөнелтілімдеріндегі кедендік құжаттарды, кедендік пломбаларды, мөрлердің, мөртабандардың бедерлерін және ресми белгілерді өзара танитын болады. Олар кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулердің үлгілерін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы әкелу, әкету немесе олардың транзиті шектелген немесе тыйым салынған тауарлардың тізімдерін алмасатын болады.


10-бап

Осы Меморандум Келісіммен қатар дәл сол күні күшіне енеді және Келісімнің қолданысы тоқтатылған кезден бастап өзінің қолданысын тоқтатады.

Вильнюс қаласында 2001 жылғы “4”
сәуірде қазақ, литван және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

**Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Кеден комитеті үшін**



**Литва Республикасы
Қаржы министрлігінің
жанындағы
Кеден департаменті үшін**

